



БҰЙРЫҚ

02.11.15

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 523-Ө

город Астана

КӨШІРМЕ ДҰРЫС
КОПИЯ ВЕРНА

Мүлікті және істерді басқарудан босату туралы

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Астана қалалық коммуналдық шаруашылығы» АҚ банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2015 жылғы 12 тамыздағы №352-Ө бұйрығымен «Астана қалалық коммуналдық шаруашылығы» АҚ банкроттық басқарушысы болып Гази Нурманбекович Дудбаев тағайындалған.

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағына 3-тармақшасына сәйкес және оны босату туралы кредиторлар комитетінің қабылдаған шешіміне байланысты 2015 жылғы 26 қазандағы хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана қалалық коммуналдық шаруашылығы» АҚ мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Г.Н. Дудбаев босатылсын.

2. Г.Н. Дудбаев «Астана қалалық коммуналдық шаруашылығы» АҚ борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Борыштармен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б.М. Мүлкібековке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы



Ә.Сқақов

013035